



«МӘДЕНИ МҰРА»

МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ КІТАП СЕРИЯЛАРЫ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ТҮНГІШ ПРЕЗИДЕНТІ НҰРСҰЛТАН
НАЗАРБАЕВТЫҢ БАСТАМАСЫ БОЙЫНША ШЫГАРЫЛДЫ

Астана 2013

**«МӘДЕНИ МҰРА» ҮЛТТЫҚ СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЖОВАСЫН
ЖУЗЕГЕ АСЫРУ ЖӨНІНДЕГІ ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕС**

*Майлыбаев Бағлан, кеңес төрагасы
Асқаров Әлібек, жауапты хатшы*

Абдрахманов Сауытбек
Атабаев Қамбарбек
Аяған Бұркітбай
Әбжанов Хангелді
Әбусейітова Меруерт
Әжіғали Серік
Әлімбай Нұрсан
Байпақов Карл
Байтанаев Бауыржан
Балықбаев Тахир
Дүйсембаев Еркін
Есім Гарифолла
Жақып Бауыржан
Жұмағалиев Асқар
Жұмағұлов Бақытжан
Қасқабасов Сейіт
Қозыбаев Ілияс
Құл-Мұхаммед Мұхтар
Құрманбайұлы Шерубай
Мұхамадиұлы Арыстанбек
Мыңбай Дархан
Нысанбаев Әbdімәлік
Салғараұлы Қойшығара
Самашев Зейнолла
Сұлтанов Қуаныш
Тұяқбаев Қанат
Шенғелбаев Бақытжан

БАБАЛАР СӨЗІ

ЖУЗ ТОМДЫҚ

Ән-әлеңдер

99 ТОМ



УДК 821.512.122
ББК 84 (5 Қаз)-5
Б 12

*Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі
Ақпарат және мұрагат комитетінің «Әдебиеттің әлеуметтік
манызды түрлерін басып шыгару» бағдарламасы бойынша шыгарылды*

**«Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасының
Фольклортану, әдебиеттану және өнертану секциясының мүшелері:**
Қасқабасов С.А. (*төрага*), Қорабай С.С. (*төраганың орынбасары*),
Жұмасейітова Г.Т. (*жауапты хатшы*), Әзібаева Б.Ү., Әлбеков Т.,
Әлібекұлы А., Құзембаева С.А., Қалижанов Ү.,
Қосан С., Мамыраев Б.Б.

**Томды басуға М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының
Ғылыми кеңесі ұсынған**

Томның редакция алқасы:
Қалижанов Ү., Қирабаев С., Құзембай С., Қорабай С.,
Әлбеков Т. (*жауапты редактор*), Қосан С., Алпысбаева Қ., Рақышева Ж.,
Орынғали Қ.

Томды құрастырып, баспаға дайындағандар:
Әлбеков Т., Орынғали Қ. (*жауапты шыгарушы*), Оралбек А., Байғазы А.

Б 12 Бабалар сөзі: Жұзтомдық. — Астана: «Фолиант», 2013.
Т. 99: Ән-өлеңдер. — 440 бет.

ISBN 978-601-292-756-6

«Бабалар сөзі» сериясының 99-томына музыкатанушы А.В. Затаевич
жинаған, құрастырған ғылыми жинақтарда, хрестоматияларда, антологияларда, сондай-ақ Орынбор, Қостанай, Шығыс Қазақстан, Маңғыстау
өнірлеріне үйімдастырылған ғылыми экспедициялардың барысында жа-
зып алынған халық ән-өлеңдері енді.

УДК 821.512.122
ББК 84 (5 Қаз)-5

ISBN 978-601-292-756-6 (т. 99)
ISBN 9965-619-60-3

© Әдебиет және өнер институты, 2013
© «Фолиант» баспасы, көркемдеу, 2013

ҚҰРАСТЫРУШЫЛАРДАН

М.О. Өуезов атындағы Өдебиет және өнер институты «Мәдени мұра» Үлттық стратегиялық жобасы аясында жарық көретін «Бабалар сөзі» сериясының жүз томдық ғылыми басылымын өзірлеуді одан өрі жағастырады.

Серияның бұған дейін баспаға ұсынылған тоқсан сегіз томы үлттық фольклорымыздың аса бір көркем де көлемді бөлігі болып саналатын әпостық шығармаларға, ертегілерге, шетелдердегі қазақ фольклорына, қара өлең, жұмбақтар мен мақал-мәтелдер, аңыздар, шежірелер т.б. жанрларға арналды. Дәлірек айтқанда, «Хикаялышқ дастандардың» — он үш, «Діни дастандардың» — жеті, «Гашықтық дастандардың» — он бір, «Тарихи жырлардың» — он бір, «Батырлар жырының» — жиырма, «Мақал-мәтелдердің» — бес, «Қара өлеңнің» — екі, «Шежірелік жыр-аңыздардың» — үш, «Ертегілердің» — бес томы, «Тарихи аңыздардың» — төрт томы, «Ғұрыптық фольклордың» — екі томы және «Жұмбақтардың», «Балалар фольклорының», «Қазақ мифтерінің», «Монғолия қазақтарының фольклорының», «Топонимдік аңыздардың», «Құй аңыздың», «Аңыздық шежірелердің», «Аңыздық жырлардың», «Өтірік және мысалдардың», «Магиялышқ фольклордың», «Тұс жору және ырымдардың», «Хикаяттардың» — бір-бір және «Ауыз-екі әңгімелердің» — үш томы (*тарихи, новеллалық және күлдіргі әңгімелер*) баспаға дайындалып, басылым көрді. Бұл жинақтардың он екі томында Қытайдағы, біреуінде Монғолиядағы қазақтардың фольклорлық мұралары қамтылды.

Серияның соңғы, аяқталатын екі жинағы — 99, 100-томдар үлттық мәдениетіміздің, оның ішінде халық әдебиетінің шуақты, шұрайлы салаларының бірі — халық әндеріне, ән-әлеңдер жанрына арналып отыр. Халық әндері синкретті жанр ретінде фольклортану саласында да, музыкатануда да біршама зерттелгенмен, оларды ел арасынан жинау, жариялау, текстологиялық түржыда жаңаша зерделеу, насхаттау мәселеірі күн тәртібінен түскен емес. Ән-әлеңдер — әлемдегі бар қазаққа ортақ рухани қазыналардың бірі. Олардың бастапқы авторлары болғанмен, жад арқылы ұрпақтан ұрпаққа ауысу ба-рысында бірте-бірте есімдері ұмытылғандығы белгілі. Ауызша таралу үрдісінде ән мәтіндері түрлі өзгерістерге түсіп, қосылып-қысқартылып, еленіп-екшеліп, сұрыпталып үнемі қозғалыста болады. Олардың композициялық құрылымы ықшам, айтуға ыңғайлы, тілі — көркем, орамды болып келеді. Әуелгі мазмұнында алғашқы автордың, болмаса кейінгі жекелеген жеткізушілердің басынан кешкен оқиғасы, тағдыр-талайы арқау болып, уақыт кеңістігінде әнші-орындаушылар арқылы халықтың сипат алады. Сөйтіп, әнге деген сұраныстың ұлғаюы, соның негізінде таралу аясының кеңеюі — оларды көпнұсқалық деңгейге көтереді.

Ән-әлеңдерде шығармадағы лирикалық кейіпкердің, адамның, жануардың есімі, атауы, оның бейнесі, сөйлеген сөзі, жүріс-тұрысы, іс-әрекеті, киім-кешегі, құрал-жабдықтары, қоныс-мекені, табиғат көріністері, әуе райының құбылысы т.б. молынан көрініс береді. Соңықтан өзге фольклорлық мұраларға қарағанда әтнографизмдер, архаизмдер, жергілікті, кәсіби, диалекті сездер мен тіркестер, мақал-мәтелдер, нақылдар жиі қолданысқа түседі.

Оқырман назарына ұсынылып отырган «Бабалар сөзінің» 99-томына XX ғасырдың 20-50 жылдары КСРО-ның ірі қалаларында, ғылыми басылымдарда, хрестоматияларда, антологияларда жарияланған, сондай-ақ 1960-1980 жылдары

Қазақ КСР FA-сы үйымдастырған ғылыми экспедициялардың барысында жиналған ән мәтіндері енгізілді. Атап айтқанда, қазақтың музикалық мұрасын жинаушы А.В.Затаевичтің «Қазақ халқының 1000 әні» (1925), «Қазақтың 500 әні мен күйі» (1931), «Песни разных народов» (1971), С.Қашқыновтың «Өлең-әндер» (1939), Б.Г.Ерзаковичтің «Қазақстанның халық әндері» (1955), «Қазақтың лирикалық халық әндері» (1955), «Қазақ халқының ғашықтық әндері антологиясы» (1994); Б.Физатовтың «Қазақтың халық әндері» (1958), «Қазақтың халық әндері» (1960) жинақтарының және Қазақстанның Орталық мемлекеттік мұрағатындағы А.В.Затаевичтің, Ф.Құрманғалиевтің, Б.Г.Ерзаковичтің жеке қорларының, «Ғылым Ордасы» мекемесі Ғылыми кітапханасындағы, Мәскеудегі Мемлекеттік орталық музикалық мәдениеті мұрағатындағы А.В.Затаевичтің жарияланбаған қорларының, сонымен бірге М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының Қолжазба қорында сақтаулы Орынбор (1963), Қостанай-Орынбор (1965), Шығыс Қазақстан (1971), Маңғыстау (1987) экспедицияларының т.б. материалдары пайдаланылды.

Жүйелеу барысында ән мәтіндерінің мазмұндас, кейбір жағдайда бірін-бірі толықтырып отыратын нұсқалары да қаперге алынды. Себебі, олар түрлі ән жинақтарында жарияланғанмен, ғылыми түрғыда жүйеленіп, жанрлық сипаты айқындалмаған. Сондықтан топтаманың бұл томын баспаға дайындауда халықтық ән-өлеңдерінің лирикалық сипаттағы, әсіресе ғашықтық-сүйіспеншілік, жастық шақ, өмір-дүние және адам тағдыры туралы халық туындыларына айырықша мән берілді.

Топтаманың ұстанымдарына сәйкес, томға енген мәтіндерге алғы сөз ретінде академик А.Жұбановтың «Замана бұлбұлдары» еңбегінен үзінді алынды, әліпбій бойынша жүйеленіп, реттік санмен нөмірленді. Томның ғылыми қосымшасына:

томға мәтіндері енген жинақтар мен қолжазбалар туралы мәліметтер, мәтіндерде кездесетін тарихи, діни есімдер, мәтіндердегі түсініксіз сөздердің сөздігі, жер-су атаулары, шартты қысқартылған сөздер мен атаулардың тізімі, пайдаланылған әдебиеттер және томның орыс, ағылшын тіліндегі түйіндемесі енді.

Томның жалпы көлемі — 27,5 б.т.

ҚАЗАҚТЫҢ ХАЛЫҚ ӨНДЕРІ ТУРАЛЫ

...Қазақ халқы әнге бай. «Маған бүкіл қазақ даласы өн салып тұрғандай болып көрінеді» деп, қазақ халқының әдебиеті мен өнерін көп зерттеген Шоқан Үәлихановтың досы Г.Потанин айтқандай, қазакта әнсіз өмір жоқ. «Тойбастар» айтқан жігіт, кешкі ауыл сыртында алтыбақан тепкен қыз-бозбала, шілде-хана құзеткен жас, кәрі, «Жар-жар» айтқан екі топ, елінен еріксіз алысқа ұзатылып бара жатқан қыз, өлген жұбайын жоқтаған жесір, түйеге мініп өр үйдің сыртында қақсаған жарапазаншы, ақ киім киіп, өгізге мініп ауыл аралаған дуана, «жынын» шақырып, зікір салған бақсы — бәрі де әндetedі. Бәрі де жәй сөзбен айтқанда жетпейтін сезім тасқынын өн арқылы шығарады.

Әннің осы қасиетін қазақ халқы: «Жігітке өнер де өнер, өлең де өнер», «Ақылың болса, жыр тыңда» деген сөздер арқылы жақсы айтты. Данышпан Абай:

Тұғанда дұние есігін ашады өлең,
Өлеңмен жер қойнына кірер денен, —

деген жолдарында әннің өмірдегі орнын нақ суреттеді. Халық аузындағы: «Бір әнді сатып алдым құнан нарға» немесе «Сұрасаң менің атым, Таңжарбаймын, болсам да малға жарлы, әнге баймын» деген әннің аса жоғары бағаланғанын, әншілердің өз өнерлерін сасық байлардың үйірлеген жылқысы мен қоралаған қойынан төмен санамайтын «көкірегін» көрсетеді.

Қазақтың халық әндері орыс зерттеушілерінің көздеріне ерте кезде ілікті. Әрине, бұл жөнде қазақ халқының Ресейге қосылуының үлкен рөлі болды. Орыстың этнографтары, саяхатшылары, тіпті жорық себебімен барып қалған көзі ашық офицерлері қазақтың халық әндері жөнінде көп нәрселер жазып қалдырды. Откен ғасырдың басында бірен-сарап, бірлік жарым болса да әндер нотаға түсіп, түрлі журнал, жинақтарда басылып шықты.

Г.Потанин, А.Алекторов, С.Рыбаков, Н.Савичев, А.Эйхгорн және басқалары қазақ музыкасы жайлы айтарлықтай сүйсінгендіктен өлі күнгі ғылымдық маңызы зор небір бағалы пікірлер айтты. Соңғы жылдарда, қазақтың халық музыкасын жинауда орыстың ұлы композиторлары М.Мусоргский, Н.Римский-Корсаковтың да араласқандықтары туралы мәліметтер ашылуда. Бұл айтылғандардың бәрі де орыстың алға басуышы зиялыштарының қазақ халқының рухани мәдениетіне ағалық, туысқандық қамқорлық жасағандығын сипаттайды. Олар қазақ халқында әннің үлкен құрметке бөленетіндігін, әннің айтарлықтай халық өміріне тигізетін әсерін жақсы баяндап кетті.

А.Алекторов өзінің «Қазақ әні» атты бір мақаласында былай дейді: «Сыртта соғып тұрған боран, мен жылы зілмеңкеде отырып ән тыңдадым. Әнші тері тулақтың үстінде жайғасып отырып, домбырасының шегін қаға бастады. Шектің баяу дірілі, орындаушыға жақындей түскен адамдардың қозғалыс дыбыстары, домбыраның күмбірлеген, қайғылы дыбысы маған ерекше бір әсер етті. Мына сияқты қарапайым әнге—қарапайым музыкаға қанша поэзия сыйып жатыр! Қолдан істеген екі ішекті домбырада мұндай нәзік, мұндай әсем дыбыстар шығады дегенде мен ешуақытта сенбеген болар едім!

Әнші шырқай түседі. Бетінен тер сорғалап, өзі бірден-бірге қызып келеді, тыңдалп отырғандар тағы оған жақындей түсті, олар әннің ырғағына қосылып, бастарын шайқасады. Әнші орамалын алғып бетін сүртіп, тағы шырқатты, ызындаған желдің музыкалы сұйлына үнін қосады, бұл кезде тұла бойлары шы-

мырлай бастаған тыңдаушылар көкіректерінен талай күрсінген дыбыстар да шықты».

Қазақ халқының ән өнерінен алған үлкен әсерін ол осылай суреттеді, ешбір бұрмасыз, асырып-түсірмей, шын мәнінде баяндады. Жоғарыда аты аталған Г.Потанин өзінің «Қазақтың соңғы ханының үйінде» деген мақаласында: «Сөз тапқырлығымен, әншілігімен атағы жайылған қыздың басқа қыздардан сөз салатын, соңынан қалмайтын жігіттері әр кезде де көп болады. Сондай-ақ әнші жігіт те, әрине, жасы келіп қалған немесе тым сыйықсыз болмаған күйде, қанша бай болып, Бұхар медресесінде мұсылман оқуының түбіне жетсе де, басына қаншама дарағадай сөлде орап келсе де, қожалардан бұрын қызға ұнайды», — дейді. Қысқасы, өнер иесінің қадірінің байдан, қожа-молдадан халық алдында артық екенін баяндайды. Орыстың демократияшыл зиялышы әр кезде де «бұратана» халықтардың өмірін әділ көрсетуге шақырады. В.Белинский өзінің мақалаларында осы ұранды көтерді. Ол: «Егер сіз басқа елге, олардың әдет-ғұрпын зерттеу үшін шыққан болсаңыз, сіз біраз уақыт өз жеріңдің азаматы екеніңді ұмыта тұруыңыз керек. Әйтпеген күнде сіз ол жат елдің әдет-ғұрпын өз еліңдің әдет-ғұрпының өлшеуімен өлшейсіз, бірақ ол өлшеуге сыймайтындары сізге келіспейтін болып көрінеді. Адамзаттың әлемдегі тарихи өмірінің жалпы аккорд болып қалыптасуы; сол халықтардың әрқайсысы бір-бір ерекше дыбысты болуынан, ал бәрі бірдей дыбыстан ешуақытта аккорд шықпайды», — дейді.

В.Белинскийдің бұл сөздерінде терең мән жатыр. Ол әр халықтың өзіне тән рухани бояуын түсіну керек дейді. Қазақ музыкасын зерттеген орыс оқығандары осы бір ережені қатты ұстады. Откен ғасырдың сексенінші жылдарында Ташкентте болып, одан қазақ музыкасының, музыка аспаптарының үлгілерін жинауға шыққан А.Эйхгорн (*улты неміс, орыс білім-пазы А.Федченконың жұмсауымен шыққан.—А.Ж.*) қазақтың халық әндерін айтарлықтай мақтайды. Қызыққаны сондай, ол неміс тілінде, 196 бет «Қазақ музыкасы» деген үлкен зерттеу

жазған. Оның ішінде әндердің де ноталары, өзінің пікірлері бар. А.Эйхгорн еңбегі қазақ музыкасының тарихын зерттеуге үлкен мәнді зерттеу (*Мәскеу профессоры В.Беляевтің жеке мұрагатында сақтаулы.—А.Ж.*) А.Эйхгорнның еңбегі марқұм Г.Шомбалованың кандидаттық диссертациясында толық пайдаланылды.

Жиырмасыншы ғасырдың бас кезінде қазақ музыкасы жөнінде еңбектер көбейе түседі. Орынбордың мұрағат комиссиясы, Императорлық география қоғамының Батыс-Сібір бөлімі, тағы басқа жерлердегі ғылыми қоғамдар, комиссиялар бұл жұмысқа қызу кіріседі. 1906 жылы наурыздың 23 күні, Орынбор мұрағаты комиссиясының толық мүшесі В.Карлсон өзінің «Қазақ халық әншілері мұрағат комиссиясында» деген мақаласында былай деп жазды:

«Наурыздың 23-інде бейсембі күні орынборлық ғылыми мұрағат комиссиясының мәжілісі бұл мекеменің өмірінде бір жаңа іске бағысталды, атап айтқанда халық әншілері Қазанғап және Көшелектің орындаудыңда қазақтың ескі өлеңдерімен танысу кеші болды. Екі қазақтың екеуі Орал облысы, Орал уезі, Жиренқопа болысынан келді. Бұлар қар еріп, су тасып, көп жерлерде өткелдің жағасындағы кітапхана орнаған кішкене, бірақ мұрағат комиссиясының жайлы бөлмесінде қазақ мелодияларының тәтті үні шалқыды. Алдымен әншілер, өздерінің бұрын үйренбекен жағдайы—орындыққа отырулары біраз ыңғайсыздық жасасада, домбыраның сүйемеліне қосылышп, отырған жүртқа өздерінің осы сапарларының жайларын, мақсаттарын айтып, құттықтады. Аңыз әңгіме айтар алдында да әр кезде де қажетті және әдетке енген қазақ әншілерінің бұл сияқты сол арада ойдан шығарып айтқан кіріспелерінен кейін, олар қазақтың халық шығармаларынан бірнеше әндер орындағы. Қазанғап домбырада «Аққу» күйін тартты. Бұл сөзсіз, домбырада ғана орындалады. Онда аққудың үшқандағы қанатының сұылдаған дыбысына еліктеу бар және ол еліктеуінің сәтті шыққаны сондай, отырғандардың құлағына шынын-

да да аққудың асықпай қаққан қанатының дыбысы келгендей болды. Осының бәрі екі-ақ шегі бар аспапта орындалды! Қазанғаптың екінші орындаған «Сөзі жоқ әні» — «Ақжелең» де ұнады. Екі әнші де өздерін үйреткен ұстаздарының аттарын үлкен құрметпен атайды».

1909 жылы Орыс Географиялық қоғамының мәжілісінде Торғай облысының шаруа бастығы С.Рыбаков «Торғай облысының қазақтары және олардың ән, музыка шығармалары» деген тақырыпта баяндама жасады. 1889 жылы шыққан «Этнографиялық шолу» журналында басылған Г.Пфеннигтің нотаға жазған екі әнін осы мәжілісте Боярова мен Рейман орындалды. Басқа бір еліктеу әнін Гольтинсон айтты. Соқыр қызы Айшаның әні мен «Не болды-ау, еркем» деген әнді өртістік шеберлікпен Янова орындалп шықты. «Іңір күйін» домбырада Глушков тартты. Қорытындыда баяндамашы қазақ музыкасын зерттеудің орыс музыкасына жаңалық енгізуге өсері болатынын, ал данышпан Бородиннің өзінің «Князь Игорь» операсында біздің шығыс халықтары музыкасының ерекшеліктерін таңқаларлықтай түсінген деген ойларын ортаға салды» деп жазылған. Бұл екі мәжілістің ерекшелігі — онда баяндама, әнгімемен қатар, қазақ әндерінің, күйлерінің орындалып көрсетулері.

1915 жылы шыққан «Орынбор өмірі» (*орыс тілінде*) атты газеттің 370-і санында басылған: «Орынбор мұсылмандарының арасында» деген мақалада да қызықты мәліметтер берілген.

«11 сәуірде, — дейді мақалада, — қалалық театрда, жаралылар және оқып жатқан мұсылман жастарының пайдасына жәрдем спектаклі қойылды. Спектакльге Ресейлік үш мұсылман ұлтынан өкілдер қатысты: татарлар, башқұрттар және қазақтар. Сауық кеште халық көп болды, билет жетпей қалды, театрда бір де бос орын болмады. Бұл кештің тағы бір қызықтылығы — мұнда бірінші рет сахнада көрініп отырған қазақтардың шығуы болды. Қазақ ханымдарының орындаған нөмірлері ойдағыдан артық болып шықты. Файни-Жамал, Жаңыл ханымдар сахнаға неше түрлі алтын зер

төккен, неше түрлі әдемі оюы бар қызыл бешпет киіп шықты. «Ханикейлердің» (қыздардың) киімдерін киіп шыққан ханымдарды көрермендер шын ықыласпен ду қол соғып қарсы алды. Күмістей таза әйел даусымен орындалған дуэт халыққа айта қалғандай әсер етті. Ханымдардың әндерінің жақсы шыққаны сондай, тіпті, оларды қаламмен жазып, ауызben айттып жеткізу мүмкін емес. Халық жас ханымдарға шыққанда да, сахнадан қайтқанда да үнемі ду қол соғумен отырды. Жақында Семейде болып өткен әдебиеттік жәрдем кеші де үлкен әсер қалдырды. Ал мұнда Орынборда қазақ әртістері халық алдында өздерінің абырайларын түсірмей, керісінше, халықтың сүйіспеншілігі мен құрметіне ие болды. Біз қазақ актерлерінің бірінші рет сахнада көрінуін құттықтаймыз, олардың бірінші табысына қуанамыз және бұл ұландардың аса сүйкімді іздену жолдарында бұдан әрі де табысқа жете берулеріне тілекtestігімізді білдіреміз».

1914 жылдың 10 ақпан күні Императорлық орыс географиялық қоғамының Батыс-Сібір бөлімінің Омбыда болған мәжілісіне қоғамның құрметті мүшесі Г.Потанин: «1913 жылдың жазында Қарқаралы уезіне барып қайтқаны» жайында баяндама жасады. Мұнда Г.Потанин қазақтың музыка өнері жайлы тоқтала отырып, бұл кездерде орыс мәдениетінің қазақ арасында кең өріс алуы, орыс тілінің кеңінен жайыла бастауы, қазақтың аз да болса да, осы жағдайдың нәтижесінде, оқыған адамдарының көріне бастауы жәнінде әнгіме қозғайды. Жер-жерде әдеби-музыкалық кештер болып, онда орыс жазушыларының, ақындарының шығармаларын гимназияда оқитын қазақ қыздарының тақпақтап айтып бергендерін айтқан Г.Потанин — сол баяндамасының ішінде: «Орыс тілі жайылып барады, балалар орыс мектептеріне үмтүлуда. Қазақтың зиялышары туып келеді, мұғалімдер, фельдшерлер, акушеркалар біраз бар. Баяндамашы бірауылға қонғанда, онда әдеби-музыкалық кеш болып, гимназияда оқып жүрген қазақ балалары ән салып, домбыра тартып, көркемсөз оқыған. Некрасовтың әлеңдерін

гимназия оқушысы, бір қазақ қызының оқып бергені ерекше жаңалық болып көрінді...

«Табиғатты, ескі уақытты және музыка, поэзия, бейнелеу өнері сияқты халық шығармашылығын зерттеуде, қазақ халқы үлкен қолқабыс беруі мүмкін. Қазақтардың поэзиясы мен музыкасы тығыз байланысты, өлең шығарушы бір жағынан композитор, ол шығармасына өуенді де, ырғакты да өзі береді. Поэзия мен музыка қолы бос жүретін еркектердің қолында. Бейнелеу өнері негізінде ою-өрнек болуы себепті, онымен әйелдер шұғылданады. Үй ішінің бәрі де өрнекті. Тері де, киіз де, шұберек те, ағаш та өрнектелген, оюланған. Өрнектің мазмұны айналадағы көріністерден алынған, дөңгелек сыйықтар, хайуанның мүйіздері, шөптің жапырағы, гүлі, уық, керегелердің түрлері кездеседі... Қазақтар арасында ақындық шығармашылық аса дамулы, ақын деген сахнаға сыймайды.

«Қазақтар өздерін музыкантипкіз деп есептейді. Ол қабілеттің тууы жөнінде олардың аңызы да бар. «Он аспаннан қалықтап ұшып жер бетіне жақын келеді. Оның жерге ең жақындаған кезін байқаған халық өнді ұстап қалған, ал жоғары қалықтаған жердің адамдары ешиңерсе үйрене алмаған. Құдайдың құдіретімен келген өн қазақ жерінде тіпті төмен ұшқанда қазақ халқы оны естіп, өнді жақсы айтатын болған. Қазақтардың басқа халықтардан өнді жақсы айтатын себебі осы» (*Шоқан Уәлиханов айтуынан*). Шынында да қазақтардың дауыстары таза, үні үнді, құлақтарының естуі тамаша. Құрметті баяндамашының пікірі бойынша, «Елу жылдан кейін қазақтар орталық қалалар театрларына әншілер, музыканнтар жіберуі мүмкін, олардың ұлттық дамуларының ол басы да болып қалар» дейді.

Баяндамашының ойынша, «бір ұлттың есебінен екінші ұлттың көгеруінің дұрыс емес екендігіне отырғандардың бәрі де қол қоюлары керек, аз халықтың халдеріне, жағдайына қарамау болмайды. Орыс зиялыштарының борышы — аз ұлттарды қорғап, олардың өмірлерін сақтап, қорғануға шамаларын

келтіру. Мұның ең дұрыс жолы — білім. Мені (*деді құрметті баяндамашы*) Екінші Мемлекеттік Думаның мүшесі Марков «түкірігі шашыраған гуманист» деп атаса да, менің отанымның бақытын, бұл жерді жайлаған аз ұлттардың бақытсыздығы негізінде көргім келмейді-ақ».

«1909 жылы Томск қаласында Г.Потанин үйымдастырған бір кеште қазақ музыкасы да көрсетілді. Онда қазақтың «Ай астында» деген мелодиясы орындалды... Сахараның еркін ұлдары өздерін көрсеткісі келді, Ақмола облысының бірнеше қазақтары жиналып, біздің естуімізше, «үйірме» үйымдастырып, қазақтың халық шығармашылығының туындыларымен европалық халықтарды (*орыстарды деген магынада болу керек—А.Ж.*) таныстыру үшін, жақында әртістік саяхатқа шыққан. Қазақ әртістері жеке әндерін, дуэттерді, ертек, ақыздарын қазақ тілінде және орыс тіліне аударып та орындейды, олардың бәрін өздерінің ұлттық аспабы — домбырада сүйемелдейді. Үйірмеде ұлттық киіммен әйел-қыздар да шықты. Орыс азаматтығын жақында ғана алған қазақ халқы — ақылды, ұғымды, мейірімді халық, оның болашағы жарқын. Өуелі бірінші Мәскеуге, одан Санкт-Петербургға, ақырында осы кездің Вавилоны болып есептелетін Парижге бара жатқан жержүзілік Көрмеде сахаралықтардың әндерін есіту бізге тіпті сүйкімді (*Париж көрмесі 1900 жылы болу керек еді*). Қөп ұзамай біздің сахаралықтар Орынборға келу керек. Орынборлықтар бұрын-сонды болмаған әртістерді, олардың бағдарламаларының орындау техникасына кешірімділік көзбен қарап, сахарада көшіп жүрген халықтың қарандыдан жарыққа талпынған құлаштарын үлкен назармен қарсы алар деп сенудеміз».

«1913 жылы мамыр айында Г.Потанинның Омбыға келу құрметіне Қоғамның әдейі мәжілісі болды. Оның екінші бөлімінде дуананы, бақсыны, қазақтардың ән шығармашылығының үлгілерін тыңдау болды»...

«Қарқаралы уезінің Едірей болысынан келген Дуана Сүлеймен Жұбандықұлы әулиелерді шақырып, жын-шай-

танды қуып, айқайлай бастады. Семей облысынан келген халық әндерін орындаушы Сейсенбай Жиенбайұлы қазақтардың өздерінің әншілерін құрметтеуін көрсететін «Файзулла» атты (*Fazizdің әні болу керек.* — А.Ж.) ескі әнді, өлген атқа арналған «Құлагер», сүйгеніне қосыла алмаған қыз туралы шығарылған «Қорлығайын», ат қуып кеткен жігітке арналған «Ақжан», қыз алып қашқанды көрсететін «Дариға» әндерін айтты. Мақтаншақ палуан жайлы, қазақтың жыршылық шығармашылығын көркемдік негізде термелеп орындал берді», — дейді.

Осы келтірілгендердің бәрі де орыс оқымыстыларының қазақ халқының рухани өмірін үлкен құрметпен зерттеп, үлкен қолқабыс тигізетінін көрсетеді. Сонымен қатар XX ғасырдың 10-жылдарында қазақша баспасөз беттерінде де музика туралы мақалалар көріне бастайды. Ол мақалаларда халық музыкасын жинаудың, қағазға (*нотага*) түсірудің керектігі жөнінде сөз болады. «Айқап» жунаалының 1913, 1915 жылғы кейбір сандарында үш автордың қазақ музыкасы жайында жазған мақалалары бар. Олардың бірқатары музика туралы айтқанда, алыстағы араб халқының музыкалық дәстүрін өңгіме қылады. Мұсылман дінін ұстағандарға осындей жағынан келсем, айтқан сөзімді тыңдатам деген ой болу керек. Өйткені қазақ халқының тарихи жағынан да, этнографиялық, географиялық, саяси-экономикалық жақтарынан да арабтарға ешбір қатынасы жоқ. Олардың бұл әдістері мұсылман дінінің теориялық жағынан түк білмейтін дүмше молданы, аузына шөп өлшеп алып, дін сөздерімен діңкесін құртып, домбыраны ақтаған Қашаған ақынның әдісіне жақын сияқты. Мысалы, Мұхаммед-Сәлім Кәшімов деген кісінің мақаласында: «Әр милләт (цлт.—А.Ж.), әр жүрт музыкасыз тұра алмайды. Бұл анық болған нәрсе. Қай халыққа көз салып қарасаң да, бұл музика бұрынғы және жаңа заманда болып, ойналып келе жатқан. Бұл музыканы ешкім өтірік, бекер дей алмайды, арабтарда мұсылмандық болмастан бұрын бұл музика ойыны бар еді. Мұсылмандық-

қа кірген соң да бұл ойынды тыймайды, қайта Рим, Парсы сияқты реттірек жүрттарға араласып, олардан әртүрлі керек-жарақ музыка саймандарын алу себепті мұсылмандардың арасында көбейіп, өршіп кетті.

Бұл музыка, ойнап-құлу, жырлап, өлең айту турасында дүния уа ақырет басшымыз болған — Мұхаммед саллалаһу ғайнессалам хазратләрінің ашық рұқсат еткен хабарлары әр жерде бар. Соның үшін мұсылмандар бұл ойынды іркілмей ойнап көп ләzzат алғын еді. Фараблар түрлі милләтлардың музыка саймандарын жиділәр, ғылым, мәдениятқа кіріп өнер тапқан сайын музыкалары да, музыкаға құмар ойнаушылары да көбейіп өрши берді. Өздерінде бұрыннан болған үстіне шеттен де алып, түрлі құрал-саймандарын түзетіп тұрды. Мұсылмандардың арасында музыка қатты сүйкімді болды, музыка ойнай білушілерге үлкен құрмет-сый, көрсетісіп тұрды...

Бұл музыка күй күйлеп, ашынтып, құлдіртіп, мұңайтып, жылататын, адамға рух беріп көтеретін, қайғылы уақытта көңіл ашатын, жалғыз уақытта серік болатын, осы... домбыра деп айтуда болады. Біздің қазакта домбыраны жақсы, таза тарта білуші аз емес еді. Бұрынғы қария, үлкендердің бәрі де деп айтарлық зарлы, мұнды жақсы күйлерді білушілер көп еді. Өзім көзім көрген қарияларда Ақмолаға қараған Қалутан өзені бойында марқұм Есім деген кісінің тартқанын көрдім, әлі құлағымнан кетпейді. Қазіргі уақытта солардай домбыраны күйлеп тартып, шертушілер азайып бара жатқан сияқты көрінеді... Соның үшін қолынан келетін өнерпаз мырзаларымызға ескертемін: біздің нотаға келетін қазақ күйлөрин, қазақша әндерді нотаға салдырып ала алсақ жақсы болар еді, ұмытпас үшін», — дейді.

Сол журналда Фалауатдин Мамиков деген кісі де қазақ музыкасы жәйлі айта келіп, әндердің қазақ сөздерін сақтаудағы рөліне тоқтайды, оған өлеңдерден мысал келтіреді. Оның да қоятын мәселесі өлеңді, ән-жырды жинау, қағазға түсіру. Бұл да осы ойларын айтуда арабтарды үлгіге алады.

«Айқап» журналында басылған музыка жөніндегі мақалының көлемдірегі «Өлең және айтушылар» деген атпен басылған Сұлтан Махмұт Торайғыровтың мақаласы. Басында автор қазақ халқында өн, өлең, сауық азайып бара жатыр, өншілер сиреп барады, қазақтың «шылығы» басым болып кетіп барады, ол өзінің кеткенімен қоймай өн-күй, сауық, салтанныннан ала кетіп жатыр деген сияқты бірқатар өкініш кейіптер көрсетеді, кейде тіпті арылмас қайғы құшағына да еніп қалаады. Бірақ музыканың рөлін айтқан жерде: «Бір халықты... жаңа рухпен қандыратын, таза бейілмен жандандыратын машина — шын жүректен шып-шып болып шырқап шыққан өлең-жыр, әдебиет болады. Ол машинаның тетігін біліп сайратып, есіткендердің аузының суын ағызып, көңілдеріндегі уын шығаратындар кім? Ол — неше түрлі өуез билетін өншілер, жыршылар. Халықтың көңілі машинаның тетігін билетін ұста адамдар сайраса жібиді. Қысқасы — сырнай яки домбыраны тарта білмей, құр перне басып барқырау қандай сүйкімсіз болса, өнімен айтылмаған өлеңдер де сондай сүйкімсіз болады. Маған салса, майы тамып тұрсын, өнсіз құр өлеңмен жақсылық сездіргенің — сол, жүртты өзіңнен бездіріп аласың. Соның үшін, бізден басқа бақытты, талайлы жүрттардың өнерпаздары өнегелі өлең, үлгілі тақпақтарды жаттап алады. Сонымен шаһар-шаһарды кезіп жүріп, халыққа естіртіп, жүрек қозғап; буын босатады. Халық оған қалыпты театрга келген секілді билетпен жиналады. Халықтың арғы-бергісін қозғап; есте-ріне түсіріп, мұн-мұқтаждарын зарлап, кем-кетігін көрсетіп, әдемі дауыспен қүйқылжытып тұрғанда, қандай тас көңіл болса да, жібімеске еркіне қоймайды. Халықтың қайдағы-жайдағысы ойына қозғалып түсіп, қандары қайнап, тіпті арқалары қызып кетеді. Әркімнің көңілі босап, көздерінен жастары моншақтап, бойлары балқығандай шартта-шұрт қол соғып, ақшасының үстіне мың қайтара «тәңір жарылғасын!» айтып тарқайды. Медреселердегі әдебиет кештері де осы мақсатпен жасалады...»

«Байқаймын, біздің қазақ әнкүмар халық... Біреу қолына домбыра ұстап, ән сала бастаса, ойдағы-қырдағысы жиылдып, сегіздегі бала, сексендегі шалына шейін қалмай қаумалап, айтшы-айтшылап жанын жағасына келтіреді... Бір халықтың әні, әдебиеті жесір қалады, сөні кетсе, жаны кетеді... әнді сақтаудың қамын қылыштар!

«Молдалар! Жас балаларды ән үйренуге қызықтырындар! Жаңа шыққан әлеңдердің жүректі жандыратындарынан үні жақсы балаларға ән салғызып қойсандар, о, шіркін, қандай ұтымды! Өлең айтушы әнкүмар адамдарды жүртқа есерсоқ деп көрсетпей, есті деп, қадірлі етіп көрсетуге тырысындар!..» — дейді. Сайып келгенде Сұлтанмахмұт та халықтық музыка шығармашылығын жинау, оларды орыннату, жас бұынға қазақтың әншілік дәстүрін үйрету мәселелерін қозғайды. Әрине, қазақ арасында Үбірай Алтынсарин сияқты ағартушылар ашқан орыс мектептерінде болмаса, басқа мектептерде ән үйретеді, музыканы уағыздайды деп сену қын кез болатын. Ән жинаудың жолдарын айтып бере алмаса да, біз бұл авторлардың осы бір мәселені көтергенінің өзін о бір заман үшін үлкен жетістікті көрініс дейміз. Ұзын-ұзын шығармаларынан үзінді келтіріп отырғанымыздың себебі де сол.

Жоғарыда айтылған орыс оқымыстылары, этнографтары қазақтың ән байлығын әйгілі етіп қағазға түсіріп, әлемге жаюмен қатар, әншілер туралы да көптеген мәліметтер қалдырып кетті. Жетісуга болған бір экспедиция адамдары қазақ аулында болып, онда Үйдірысқұл деген әншіні тындаған. «Өзінің сахна киімінде бұл қазақ жанған оттың жарығы түскенде аса көрнекті болып көрінді. Оның қозғалыстары жұмсақ, жасанды емес, ырғағы нәзік, бет пішіні өте сүйкімді. Ол шатырдың есік алдына отыра кетті де, домбырасын бұрап, минор тонды бір әуен тартты, ырғағы байсалды, кейде үзіліп-үзіліп кетеді. Оның құлағының есітуі айта қалғандай, аспаптың зәредей келмей тұрған жері болса, сол минутта байқап қалады. Ол әнді о баста алған тақырыбын неше саққа жүгіртіп құбылтып, әлде қандай әшекейлермен безендіреді. Өзі ойынға беріліп кетеді,

екпін тездеді, ойын бірден-бірге жалындай бастады, ақырын кезек өнгө келді. Ол өуелі айттырулы жексүрүн бай күйеуін жақтырмаған, кедей де болса өзінің сүйген жігітін айтқан қыздың әнін шырқады, одан өрі «Бұхар — арандатушыларын» соғысын женген орыс күшін мадақтады... Үйдырысқұл (бұл біздің трубадурымыздың аты) шын мәнісіндегі өртіс... Техникалық жағы сондай жетіскең дәрежеде тұрған аспаптағы ойынына таңқаласың ба, жоқ әнінің әсемдігіне ме, қайсысына ұйитыныңды біле алмай қаласың. Мен қазақтың мелодияларының өзіндік кейіпті, асқан сұлуулығына бұрын да талай таң-тамаша қалғанмын. Ал олардың ішінде опера театрының сахнасын да көркейтіп жіберетін тенорлар аз кездеспейді», — дейді.

Қазақстан жерін аралаған орыс және еуропалық этнографтардың, оқымыстылардың қазақ әншілері жөнінде осы мақсатта жазғандары көп. Олардың бәрі де қазақтың ән байлығымен қатар, әншілік өнердің жоғарғы сатыда екенін айтады. Кейбіреулері қазақтың ән салу ырғағын (*дауыс шыгару техникасын*) басқа Азия халықтарының ішінде жетістіктік ерекшелігі бар деп мақтап та қояды. Қазақтың ән дәстүрін жақсы зерттеген А.Затаевич кейбір әншілердің орындаушылық дарынын көтере келе, біреулерін: «Қарқаралының Карузосы» (*жержузіне аты шыққан итальяндық әнші.— А.Ж.*), «Вагнер операларын да айта алатын әнші» (*неміс композиторы Р.Вагнер өзінің операларында әншілерге аса қыын ариялар жазған.— А.Ж.*) және сол сияқты салыстыруларды көп келтіреді. Ал қазақ әндерін мақтаған жерде А.Затаевич: «Лоэнгрии мелодиясы» (*Р.Вагнердің операсының аты*), «Рубинштейін мелодикасы», «Руслан — Людмила» операсындағы «Баянның әні», «Садко» операсындағы «Варяг қонағының әні», «Француз халық әндері жинағының» ішіндегі «Бретон әні» деп, басқа халықтардың кәсіпкер композиторлары жазған опералардағы әндермен салыстырады.

Қазақ әндерінің тақырыптық жан-жақтылығына орыс музыка мамандарының көбі таңқалып, оған үлкен баға берді.

Баста айтылғандай, біздің әндеріміз, өмірдің тарихы, сөулесі сияқты Н.В.Гоголь өзінің «Малоростардың әндері жөнінде» деген мақаласында: «Халық әндері—халық өмірінің барлық жағын көрсететін, шындыққа, сырға толы, жарқын, көзі тірі халық тарихы. Егер оның өмірі оқиғаға толы, сан түрлі, еркіндік іздеген поэзиямен толы болса, оның барлық жігері, сыртқа шығар күші, таза қалпында тұрған болмысы халық әндері арқылы тасқындалып сыртына шығады. Тарихшы одан соғыстың болған күнін, айын, нақ жерін іздеуі керегі жоқ; бұл жөнінде бір нәрсе айта алатын әндер аз-ақ болады. Бірақ ол шын өмірін, мінез-құлқын, сезімнің, толқуының, қасіретінің барлық бояуларын, ол халықтың ойын-тойын, өткен ғасырдың рухын, барлық жағдайларының жалпы көрінісін олардың жеке-жеке тұрлерін білгісі келген адам іздегенін табады: халықтың тарихы оның алдында айдан анық болып көлденең тартылады...»

«Қай уақытта кім шығарғаның құдайдың өзі билетін—халық музыкасында адам таңқаларлық кәркемдіктер аяғынды аттаң басқан сайын кездеседі. Олар даладағы ешкім сеппей, ешкім бақпай өзінен-өзі өскен гүл тәрізді. Алғыр музыкант осы бір адам табиғатының үнінде не бір үлкен қорытынды беретін деректер жатқанын біледі», — дейді.

Біз тек қазақтың халық әндері туралы, әншілері туралы жазылған пікірлерді келтірдік. Оның бәрі де қазақтың халық шығармашылығын зерттеудегі тек ең алғашқы қадамдар. Терең үңілген адамға қазақ әндерінде, Гоголь айтқандай, толып жатқан тарих бар. Біздің әндеріміздің тарихы өлі тексерілген жоқ. Бұл жөнінде біздің музыка зерттеу ғылымымыз өлі жас.

Жонғар жорығы кезінде «Ақтабан-шұбырындыға» кездесіп, босқан ел, Қаратруды басып, көшкенде:

Қаратудың басынан көш келеді,
Көшкен сайын бір тайлақ бос келеді.
Тұған жерден айрылған жаман екен,
Қара көзден мөлдіреп жас келеді,—

деген өлеңді сарнаған «Елім-ай!» өніне қосқаны жөнінде біз бұрынғы еңбектерімізде айтқанбыз. Сондай-ақ Мұхиттың «Алпыс тоғыз» атты өні де өткен ғасырдың 60-жылдарының аяғындағы ел билеудің жаңа түріне арналған екендігі белгілі. 1902 жылы Жетісуга болған Тәуке батыр «ақ патшаға қарсы болғаны үшін» Сібірге айдалып бара жатып, туған жерін есіне алып. «Ел қайда, туған жер қайда?» деп өн шығарған.

Сөлем де барғандарың Мәрияға
(жұбайының аты),
Тәуекел салдым қармақ дарияға.
Айдалып бара жатып Сібір жаққа,
Өн екен Тәуке салған жарияға.
Жетісу өлкесінде тауларым бар,
Көк майса, қоңыр самал жайларым бар.
Қана алмай жеті өзеннің бұлағына,
Суындей көлбей аққан арманым бар, —

деген өлеңдің жүргегінді қозғайтын өні бар. Ол өн тек Тәуkenің емес, өмірі құлдықта, азапта болған кешегі замандағы қазақ халқының бейнесін жақсы келтіреді.

Осы кезде үнемі орындалып жүрген, «Жалбыр» операсында Қайрақпайдың өні болып енген «Әмірқанның» тарихы да айта қалғандай. Әмірқан — байдың баласы, малынан басқа қасиеті жоқ, нас, күндіз қой соңында жүріп, кешке шуаш иісі аңқыған байпактарын пешке жәйіп, үйдің ішін сасытып, көжеге тойып алып, қорылдап үйіктағаннан басқа ешнәрсемен жұмысы жоқ адам. Әмірқанның әкесі балақызды айттырады. Ажар ұзатылып келгесін жеті-сегіз айдан кейін кішкене қыз туып, оның атын Мәрия қояды. Сұлу Ажар кешкітүрим кішкене бебегін алдына алып, мезгіл-мезгіл көзін айырмай қарап отырып, зарланып, өндетеңді:

Әмірқан не ғып жүрсің қойың жимай,
Мен жүрмін қайныатамның көңлін қимай.

Он аяқ, отыз қасық көжеңді ішіп,
 Жатасың қең тесекте кеуден сыймай.
 Болғанда атым Ажар, сіңлім Айша,
 Аяқты мен басамын жорға тайша,
 Қайнайды қай-қайдағы зығырданым,
 Әмірқан қойдан келіп байпақ жайса.

Ахай, Кідіге-ай,
 Қайран қызық-ай!
 Қаралдым Мәрия-ай! —

деп қайырмалап бітіреді. Ажардың осы бір күн батып бара жатқандағы зары атасының назарын аударады. Қөпті көрген қарт, Ажардың зарында бір сыр барын сезіп, келінінен әңгіменің бар шындығын айтуды өтінеді. Таза жанды Ажар, Әмірқаннан ауру екендігін, оның «жұбай» деген ардақты атқа тіпті лайық емес екендігін, мына қолында уілдең отырған бөбектің Әмірқаннан емес, қыз күнінде көңлі қосылған Кідіге деген жігіттен туғанын, осы қасіреттің бәрі ішіне сыймай, өлең-ән болып ылғи кешкітүрим сарнайтынын ешбір жасырмастан айтып береді. Қарт атасы өзі де бір сұмдықты сезетінін ақ көңіл келініне білдіреді. Ақыры Ажарды аяп, қазақ әдетінде, «бата бұзу» шарифатқа қайшы келетінін білсе де, берген қалыңмалды қайтарып алмай-ақ Ажарға ұлықсат беретінін айтады. Ажардың зары қарттың сүйегінен өтіп, жас кезінде басынан өткен бір қайғылы халдерін есіне түсіреді. Бірақ Ажар атасының ұсынысын қабылдамайды. Өйткені бұл екі арада Кідіге малы жоқтықтан Ажарға қалың төлей алмай, ала алмағасын, соған құса болып, ауруға шалдырып, қайтыс болады. Ажар Кідігемен өткізген аз да болса бақытты күндерін ешкімді ортақ еткісі келмейді. Ол атасына: «Қолымда мына бір Мәрия бар ғой, сырттағы жұрт не біледі, Әмірқаннан тумады деп ойлай ма, ұлықсат етсеңіз, осы үйде жүре берейін. Онда әкешешемді, мұнда сіздерді жер қып қайтемін. Әңгіменің анығы ашылып, менің зарымды түсіндіңіз ғой, рақмет!» деп, адамды